

## Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кейбір өкімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2019 жылғы 29 мамырдағы № 96-ө өкімі. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 27 қазандағы № 176-ө өкімімен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Премьер-Министрінің 27.10.2022 № 176-ө өкімімен.**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кейбір өкімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

- 1) күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің 03.03.2021 № 47-ө өкімімен;
- 2) "Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2017 жылғы 14 қарашадағы № 153-ө өкімінде:

көрсетілген өкіммен бекітілген Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссияның құрамында:

мыналар:

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрі,

Балықбаев Такир Оспанұлы	-	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының ректоры
Әлібек Асқар	-	Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің "Ш. Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының бас директоры енгізілсін;

"Қазақстан Республикасының Қоғамдық даму министрі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрі";

"Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрі"  
деген жол алып тасталсын.

*Премьер-Министр*

*А. Мамин*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК